


**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 23)**


№	Жабдық атауы	Техникалық сипаттамасы	Саны
1	Принтер	Өндіруші: Canon Басып шығару түрі: монохромды Ақ-қара басып шығару жылдамдығы: минутына 40 бетке дейін Сканер түрі: планшеттік, автоматты құжат бергіші (ADF) бар Сканер рұқсаты: 600 × 600 DPI Ерекшеліктері: автоматты екіжақты басып шығару (дуплекс), USB тасымалдағыштан басып шығару, Apple AirPrint Қосылу интерфейстері: USB Type-B, RJ-45, Wi-Fi Дисплей және басқару: 12,7 см түсті сенсорлы СК-экран Максималды басып шығару рұқсаты: 1200 × 1200 DPI Қағаздың ең төмен тығыздығы: 60 г/м² Қағаздың ең жоғары тығыздығы: 120 г/м² Сыйымдылығы жоғары картридж Europrint EPC-070H картриджі Canon i-SENSYS LBP243dw / LBP246dw / MF465dw / MF463dw / MF461dw модельдеріне үйлесімді. Қара түсті тонермен толтырылған, жоғары сапалы басып шығаруды және қанық бейнені қамтамасыз етеді. Europrint EPC-070H лазерлік картриджінің ресурсы: A4 форматында 10 200 бет.	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде

монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс.**

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи

ялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін